«АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АЕО·ИУЦ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «ИНФОРМАЦИОННО - УЧЕТНЫЙ ЦЕНТР»

г.Астана: 010000, пр.Республики, д.29, тел.: (7172) 55-29-81, http://www.e-qazyna.kz, e-mail: iac@gosreestr.kz

2022 жылдың 23 қарашасы шығыс № А-СТЛ/22-1720

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына
(тізім бойынша)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 15 шілдесіндегі № 802 Қаулысына сәйкес мемлекеттік мүлікті есепке алу аясында бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) болып анықталған «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) 2023 жылына мемлекеттік мүлік тізілімі деректемелеріне үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шарт (бұдан әрі - Шарт) жасасу қажеттілігі туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – МСА туралы Заңы) 39 бап, 1 тармағы, 27) тармақшасына сәйкес goszakup.gov.kz мемлекеттік сатып алу веб-порталында осы Шарт Қоғаммен тапсырыс беруші арасында жасалады.

Анықтама: МСА туралы Заңының 3 тармағы 27) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен ***бір көзден алу тәсілімен*** *мемлекеттік сатып алу монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы болған жағдайда тиісті* ***өкілеттіктері****, оның ішінде мемлекеттік органның өкілеттіктері ҚР* ***заңдарында****, ҚР Президентінің жарлықтарында* ***белгіленген****,* ***дауыс беретін акцияларының*** *(жарғылық капиталға қатысу үлестерінің)* ***жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан****, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік органның сатып алуы жағдайларында жүзеге асырылады.*

Бұл ретте, мемлекеттік мүлік тізілімінің деректеріне (бұдан әрі - МемТізілім) оның пайдаланушыларына қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі ***бірыңғай оператордың өкілеттігі*** *2011 жылдың 1 наурызындағы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы"* ***Заңының*** *(бұдан әрі – Мем.мүлік туралы Заң)* ***200-бабы 9-тармағының 5) тармақшасында белгіленген****. Қоғамның* ***жүз пайыздық*** *акциялар пакетінің мемлекетке тиесілігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 мамырдағы № 475 қаулысының 1-тармағымен* ***расталады****.*

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2022 жылдың 11 қазанындағы № 273/НҚ бұйрығына сәйкес Қоғам арнайы құқық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген (https://www.gov.kz/memleket/entities/zk/documents/details/359387?lang=kk). Яғни, бәсекелестік нарықта қандай да бір тауарды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда) өндіру, өткізу және (немесе) сатып алу бойынша Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 193-бабының 1-тармағына сәйкес Қоғам бірыңғай оператор ретінде заңмен бекітілетін нарық субъектісінің ***айрықша*** *құқығына ие.*

Жергілікті бюджеттердің шығыс бөлігін дұрыс жоспарлау мақсатында қосымшаға сәйкес Қоғамның көрсетілетін қызметтеріне Бағалар тізбесінен үзінді көшірмені жолдаймыз.

Жоғарыда мазмұндалғанның негізінде **2023 жылғы 1 ақпанға дейінгі мерзімде** Қоғаммен қоса беріліп отырған Бағалар тізбесіне сәйкес 2023 жылға арналған электрондық Шарт жасасуды сұраймыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылдың 26 наурызындағы № 207 бұйрығымен бекітілген МемТізілімін жүргізу Қағидаларының 35 тармағына сәйкес МемТізілім деректемелеріне қолжетімділікті ұсыну үшін мемлекеттік заңды тұлғалардың және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын ұйымдардың дерекқорына, сондай-ақ олардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпаратқа, ЭЦҚ қолдануымен, gosreestr.kz веб-сайты арқылы қолжетімділік беру өтінімдеріне сәйкес облыстық (аудандық) уәкілетті орган және облыстық (аудандық) бюджетті атқарылуын қадағалау бойынша мемлекеттік орган **жыл сайын** өз қызметкерлеріне қолжетімділікті ұсыну үшін өзектендірілген тізімдерін Қоғамға жолдау қажеттіліктерін қосымша хабарлаймыз.

Осыған байланысты, 2023 жылына Шарт жасалғаннан кейін сіздердің жұмысшыларыңыздың тізімін Қоғамға ұсыну қажеттілігі туралы ақпараттандырамыз (*Шарт жасалмастан Сіздердің қызметкерлеріңізге МемТізілім деректемелеріне Қоғам тарапынан қолжетімділіктерді ұсыну **2023 жылдың 1 ақпанына дейін** қамтамасыз етіледі*).

«Қоғам» қызметтері бойынша мемлекеттік сатып алуларды жоспарлау кезінде **639910.000.000005** тауарлар, жұмыстар және қызметтер кодын (ТЖҚК) таңдауларыңыз қажет екендігіне назар аударуларыңызды сұраймыз *(ақпараттық өңдеу бойынша қызметтер ақпаратты /мәліметті/ материалдарды және баламаларды өңдеу қызметтері)*.

Қосымша ____ бетте.

Басқарма төрағасы **Ж. Оспанов**

*орынд.: Т. Пірімбетов, Тел.:(7172)55-29-81*180*
t_pirimbetov@gosreestr.kz

«АЕО» АҚ-ның 23.11.2022 № А-СТЛ/22-1720
хатына № 1 Қосымша

2014 жылдың 5 мамырындағы
«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ның
Директорлар Кеңесінің шешімімен
Бекітілді (№ 65 Хаттама)

«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ-ы қызметтеріне бағалар тізбесі

р/с №	Жұмыстардың (қызметтердің) аталуы	Өлшем бірлігі	АЕК*	2023 жылына, теңгеде
1	Облыстық коммуналдық мүліктерді иеленуге уәкілетті, жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын атқарушы органға Тізілім деректемелеріне үздіксіз қолжетімдікті қамтамасыз ету үшін төлем	жыл сайыңғы төлем	12	36 756,00
2	Заңнамада белгіленген есептіліктің әртүрлі нысандарын қамтитын ұйымдардың электрондық есептерін жинау, өңдеу және электрондық дерекқорға енгізу	Дана	1	3 063,00
3	Клиенттің дербес шотындағы бір акционерлік қоғамның акцияларын атаулы ұстау үшін төлем	ай сайыңғы төлем	1,5	4 594,50
4	Электрондық дерекқорларды толтыру және өзгертумен байланысты бұйрықтарды тіркеу	дана	1	3 063,00
5	Электрондық дерекқорларды толтыру және өзгертумен байланысты бұйрықтарды орындау	дана	0,5	1 531,50

*АЕК – айлық есептік көрсеткіш, ҚР республикалық бюджет туралы заңымен бекітілген.(2023 жылына белгіленген – 3 450 тенге)

** (Орталық депозитарий тіркеушісі) құнды қағаздарға қатысты мәмілелерді тіркегені үшін құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары қызметтерінің өтеу шығындарына қосылмайтын төлем.